

#11-12

(1025-1026)

21 наурыз

2025 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

Перлет,
дз Наурыз!



✓ BRENT \$70,60

✓ USD 502 T

✓ EUR 550 T

✓ RUB 6.15 T

«ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ»



МАҚСАТ – АДАЛ АЗАМАТ ТӘРБИЕЛЕУ

Еділ ОСПАН,
оқу-ағарту вице-министрі:

«Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды екенін атап өтіп, құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынғанын және бұл ұсыныспен толық келісетінін қадап айтты. Алдағы уақытта «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағында, оның ішінде барлық жекеменшік білім беру ұйымдарына енгізіліп, іске асырылатын болады.

«Адал азамат» бағдарламасының түпкі мақсаты – қоғамның мызғымас тірегі, отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу, әділеттіліктің, адамгершіліктің, жауапкершілік пен еңбексүйгіштіктің айқын бейнесі болатын адал азамат қалыптастыру.

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Ринат ЗАЙЫТОВ, Мәжіліс депутаты:

«Тұрмыстағы таршылық, тәрбиенің жоқтығы, жеткіншектерге үлгі болатын тұлғалардың құбыжыққа айналуы, материалды байлықтың бірінші орынға шығуы, әлеуметтік желідегі белгілі тұлғалардан бастап әртүрлі дін мен ұлт өкілдерінің өзара ашық соғысы, осының бәрі адамның рухани тозып, қатыгез болуына әкеліп соғып жатыр.

Өзімшілдік пен менмендік қоғамның басты індеті болып тұр. Бүгін ойланбасақ, ертең кеш болмақ. Сондықтан кешіктірмей идеологиялық тәрбие жұмысын күшейтуді бастау керек».



БАЛАНЫ КІТАП ОҚУҒА ҚЫЗЫҚТЫРУ МАҢЫЗДЫ



Майя БАЗАРБАЕВА,
Ұлттық академиялық кітапхана
балалар бөлімінің кітапханашысы:

«Қазіргі цифрлық заманда баланы кітапқа қызықтыру – аса маңызды шаруа. Баланың тілдік қорын дамытуда, қиялын кеңейтуде кітап оқудың септігі мол. Өзім көп балалы анамын, ата-ана ретінде, маман ретінде қолданатын тәсілдерім бар. Ол – адамның ішіндегі актерлік шеберлікті оятып, интонация және

эмоция арқылы жұмыс істеу. Баланы мақтау, ынталандыру арқылы кітап оқуға баули аламыз, сонымен қоса баланы қолынан жетектеп кітапханаға әкелу керек, кітап әлемін көрсету керек.

Қазіргі қоғамда балалардың гаджетке әуестігі басым, бірақ бәрі деп айта алмаймын. Ата-ана кітапқа қызықса, бала да қызығады, өйткені біздің кітапханаға келетін баланың көбісі ата-анасымен келетіндер. Қызықты оқиғалар мен әсерлі кейіпкерлер әлеміне бойлаған бала кітапты сүйіп оқиды. Бастысы – оған бағыт-бағдар беретін, оқуға деген махаббатын оятатын үлкендердің болуы. Қуантатыны – кітап оқу трендке айналып келеді. Кітап – жан азығы, ой кеңістігі, қиял әлемі. Баланы осы ғажайып әлемге жетелеу – біздің міндетіміз».

БЕЛГІЛІ ӘНШІ ЖАНАР АЙЖАНОВА LSTORIES
БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚЫЗДАН ТУҒАН БАЛАНЫҢ СТАТУСЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІР БІЛДІРІП, КӨПШІЛІКТІҢ ҚЫЗУ ТАЛҚЫСЫНА ТҮСТІ: «ҚЫЗДАН ТУҒАН БАЛА НЕМЕРЕ ЕМЕС ДЕЙДІ. ОЛ ҚАЛАЙ СОНДА? ҚЫЗДАН ТУҒАН БАЛА НЕМЕРЕ БОЛМАЙДЫ ДЕГЕНГЕ КЕЛІСПЕЙМІН. ҚЫЗДАН ТУҒАН БАЛА ДА НЕМЕРЕ САНАЛАДЫ. НЕМЕРЕНІҢ ЕКІ АТАСЫ, ЕКІ ӘЖЕСІ БОЛАДЫ: НАҒАШЫ АТАСЫ МЕН НАҒАШЫ ӘЖЕСІ ЖӘНЕ ӨЗ АТАСЫ МЕН ӘЖЕСІ. ҚАЛҒАН НАҒАШЫЛАРЫНА ЖИЕН БОЛАДЫ. БІРАҚ ТҰҚЫМ НЕГІЗІ ҚЫЗДАН ТАРАЙДЫ. ОЛ ӨЗІНІҢ ТУҒАН АТАСЫ МЕН ӘЖЕСІМЕН ҚАТАРЛАСЫП, ҚҰРДАСЫНДАЙ ОЙНАП ӨСУІ КЕРЕК. АЛ НАҒАШЫ АТАСЫ МЕН ӘЖЕСІМЕН ОЛАЙ ЕРКІН ОЙНАЙ АЛМАЙДЫ», – ДЕДІ ӘНШІ.



ҚЫЗДАН ТУҒАН БАЛА: ЖИЕН БЕ, НЕМЕРЕ МЕ?

Қоғам екіге жарылып, бірі Жанар Айжанованы қолдап, қыздан туған бала да немере болуы керек десе, енді бірі қазақтың дәстүріне сүйеніп, қыздан туған баланың «жиен» екенін дәлелдеуге тырысты.

Бұл мәселе саясаткерлердің де назарын аудартты. Мәжіліс депутаты Қазбек Иса Facebook парақшасында өзінің қатаң көзқарасын білдірді:

«Қазақта қыздан туған – жиен! Өйткені, оның руы басқа! Ол немере болатын өз атасы бар! Сен оған нағашы ата-нағашы әжесің! Болды! Жиен дегенді жау, бөтен көру қайдан шыққан вирус?! Жиен деген ерекше статус! Нағашы жиеннің қалағанын беруі тиіс! Жиен болмаса, нағашы деген орны ерекше, құрметті туыс қайдан болады?! Ұлдан туған – немере! Тұқым ұлдан тарайды, қыздан емес! Халықты шалағайлықпен шатастырмау керек!»

Белгілі этнограф Болат Бопайұлы қазақ халқының дәстүріне сүйене отырып, жиеннің мән-маңызын былайша түсіндіреді:

«Қазақ халқының туыстық, қандастық қатынасында қыздан туған ұл мен қыз «жиен» деп аталады. Жиен атанған ұл мен қыздың шешесінің әке-шешесі, аға-бауыры, әпке-сіңлісі қызынан туған ұл мен қызды «жиен» деп атайды, «жиен» деп шақырады, «жиен» деп таниды. Жеті ата салтын берік ұстанған қазақ халқы жиендік тұқым жалғасуында жеті ұрпаққа дейін әдемі атаумен атай білген:

1. Қыздан туған бала – Жиен
2. Жиеннің баласы – Жиеншар
3. Жиеншардың баласы – Дегеншар
4. Дегеншардың баласы – Көгеншар
5. Көгеншардың баласы – Көбеңшар
6. Көбеңшардың баласы – Тебеншар
7. Тебеншардың баласы – Өлеңшар
8. Сегізінші ұрпағы – Қаймана».

Мәдениеттанушы Бердалы Оспан бұл пікірді қостаса да, қыз бен ұлдан туған балаларды алаламай немере екенін мойындау қажет деп санайды: «Қазақ ұл мен қызға бірдей қараған. Сондықтан ұлдан да туған, қыздан да туған бала – немере. Бірақ қыздың баласы – басқа рудың адамы. Одан бөлек, баланың ұл не қыздан екенін ажырату үшін қазақ жиен деп атаған.

Қыздан туған баланы немерең емес деген қате түсінік. Егер өз қаныңнан туған перзентіңнің, қыздан болсын, ұлдан болсын, қалай немерең болмайды?

Негізі ең дұрысы – «жиен» деп атау. Бұл мәселенің түп-төркіні тұрмыс салтымызда жатыр. Бұрынғы мен қазіргіні салыстыруға келмейді. Қазір бәріміз қалада тұрамыз, көп дәстүрлерді ескере бермейміз, тіпті көбін білмейміз де. Сол себепті ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпас үшін осындай пікірталастар орын алып жатқанын байқаймыз», – деді ол.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ КЕШЕНІН ДАМУЫ БАСТЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ ЕКЕНІН АТАП АЙТҚАН ЕДІ.

кезде логистикаға қатысты түйткілдер мен кейбір қиындықтар келісімшарт талаптарының бұзылуына әкеп соғуы ықтимал. Міне, осыны ескерген қорғаныс министрлігі жасалатын келісімшарттардың мерзімін үш жылға дейін ұлғайтуды ұсынды. Министр мемлекеттік орган мен қорғаныс-өнеркәсіп кешендері кәсіпорындары қауымдастығының отандық өндірісті дамыту және жалған кәсіпкерлік, жасырын импорт пен бағаны негізсіз көтеру

ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІНЕ – КЕҢ ӨРІС

Президент: «Тағы бір маңызды мәселе – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады. Осы орайда импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру – аса маңызды міндет. Біздің армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуы тиіс. Техниканы шұғыл жөндейтін өндіріс орындарының қуатын арттырып, отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсеткен жөн. Бізде оған қажетті материалдық-техникалық база, білік пен тәжірибе және мамандар бар», – деген болатын.

Биылғы 13 ақпанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығының қабылдануымен мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру міндеттері қорғаныс министрлігінің қарамағына берілді. Бұл туралы қорғаныс ведомствосының баспасөз қызметі хабарлады.

Ал наурыз айының басында Алматыда қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары қауымдастығының III конференциясы өтті. Жиында министр Руслан Жақсылықов мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру мен орындаудың басымдықтарына тоқталды.

Конференцияға қатысушылар қорғаныс саласын дамытудың өзекті мәселелерін талқылады. Кәсіпкерлер өзара келісімшарттың бір жылдық мерзімі күрделі жұмыстарды, жоғары технологиялық тапсырыстарды орындау үшін жеткіліксіз екенін алға тартты. Олардың пікірінше, іс жүзінде бұл көптеген компоненттерді жеткізуді талап етеді. Ал қазіргі



фактілерін анықтауға күш-жігерді біріктіруге шақырды.

Руслан Жақсылықов бұл ретте: «Бүгінде қорғаныс-өнеркәсіп саласында 120-дан аса компания бар. Дегенмен олардың барлығы нақты өндірушілер емес. Кейбірі тіпті, өнім шығармай-ақ мемлекеттік қорғаныс тапсырысы аясында қаржы алып қалғысы келеді», – деді. Министр бұған жол бермеу үшін аталған мәселені құрамында қорғаныс министрлігі, Бас прокуратура, қаржы мониторингі агенттігі және «Атамекен» ҰҚП өкілдері бар комиссия құру арқылы шешуге болатынын атап өтті. Комиссия өзін әскери мақсаттағы өнім өндірушілер ретінде көрсететін кәсіпорындарды тексереді.

Қорғаныс ведомствосының басшысы шетелден технологияларды сатып алу кезінде де өндірісті одан әрі оқшаулау туралы талап болуы тиіс екеніне тоқталды. Сонымен қатар, ол Семей танк жөндеу зауытының базасында кластер құру қажеттігін мәлімдеді. Атап айтқанда, өндіріс орны броньды танк техникасын ғана емес, қару-жарақты, артиллериялық жүйелерін, трансмиссиялардың күштік қондырғыларын жөндеуге де мамандануы тиіс. Әрі мұның бәрі мүлтіксіз орындалуы керек.

Конференция қорытындысы бойынша қорғаныс министрлігі мен Қорғаныс-өнеркәсіп кешендері кәсіпорындарының қауымдастығы отандық



қорғаныс саласын дамытудың бірыңғай стратегиялық тұғырнамасын әзірлеу үшін бірлескен комиссия құру жөнінде шешім қабылдады.

Көп өтпей, Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов «ҚР Қарулы Күштері ардагерлері» РБҚ төрағасы, Халық Қаһарманы, армия генералы Мұхтар Алтынбаев бастаған, осы жолдардың авторы да бар, бір топ ардагерлермен кездесті.

Жиын басында қорғаныс министрі өткен жылдың қорытындысын қысқаша баяндап өтті. Ең алдымен, әрине, жауынгерлік дайындық, халықаралық деңгейде өткен бірнеше жаттығулар туралы сөз болды. сосын қолда бар қару-жарақ пен техниканы жаңғырту, әскери инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері тілге тиек етілді. Сонымен қатар ол отандық қорғаныс өнеркәсібі саласына жан-жақты тоқталды.

Атап айтқанда, министр алдағы 7 мамырда болатын әскери парадқа тұңғыш рет отандық өнім – «Барыс 8x8» броньды жауынгерлік машинасының қатысатынын хабарлады.

«Барыс 8x8» – алдыңғы қатарлы технологиялық шешімдермен жабдықталған көп мақсаттағы броньды дөңгелекті мәшине (БДМ). Бұл әскери көлік –ұтқырлығы жоғары және минаға қарсы платформа қондыру қажеттілігіне байланысты талаптардың ұлғаюынан туындаған өнім. Арнайы «минаға қарсы» орындық экипажды төтенше жағдай туындаған кезде жарақат алудан қорғайды.

Отандық өнім шығаратын «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» компаниясының коммуникация және өзгерістер жөніндегі директоры Найзабек Олжабайұлына хабарласқанымызда, ол аталған ақпаратты растап, қазір көліктер әскери парадқа қызу дайындық үстінде екенін жеткізді. Компания «Барыстан» бөлек дөңгелегі 4x4 формуласындағы «Алан» және «Арлан» броньды машиналарын шығарады.



Қазіргі заман талабына сай елімізде дрондарды өндіру де қолға алына бастады. Толығымен Қазақстанда жасалып, жетілдірілген ұшқышсыз басқарылатын «Шағала-М» аппараты сынақтың соңғы кезеңінен сәтті өткен.

Отандық дрон сағатына 120-100 шақырым жылдамдықпен шамамен 200 шақырымды артқа тастай алады. Оған ұшу-қону жолағы қажет емес, яғни күй талғамайды. Ал өнімді жасаушылардың айтуынша, «Шағала-М» аппаратының бағасы шетелдік дрондарға қарағанда әлдеқайда арзан. Ұшқышсыз ұшу аппаратын әскери мақсатқа да, азаматтық мақсатқа да пайдануға болады.

Бұдан бөлек, «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясына қарасты кәсіпорындарда Қарулы Күштеріміз үшін әскери кемелер, авиация жабдықтары, броньды және арнайы автомобильді техникалар, жеке қорғану құралдары, радиоэлектроника және байланыс



өнімдері, атыс қаруларына арналған патрондар шығарылады. Қорғаныс ведомствосының мәліметі бойынша, қазір Қарулы Күштердегі қару-жарақ пен әскери техниканың 50 пайыздан астамы отандық өнім болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, «ауызды қу шөппен сүрте бермей», қолда бар дүниелерді ұқсатып пайдалансақ және оларды ұтымды түрде жетілдіре алсақ, онда отандық қорғаныс өнеркәсібіне кең өріс ашылатыны анық. Енді соған мемлекеттік тұрғыдан жан-жақты қамқорлықпен қатар, қатаң бақылау мен жауапкершілік те қажет.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,
әскери журналист,
Қазақстан Қарулы
Күштерінің ардагері

Суреттер ашық
дереккөздерден алынды

ЕЛІМІЗДЕГІ МАҚТА ӨСІРЕТІН ЖАЛҒЫЗ ӨңІР – ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ МҰНДА МАҚТА ӨНДІРІСІ ТҰРАҚТЫ ӨСІМ КӨРСЕТІП, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЕНГІЗІЛІП ЖАТЫР. JAS QAZAQ ТІЛШІСІ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ФАЙЗУЛЛА МҰСТАФИНҰЛЫМЕН ӨңІРДЕГІ МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР, МАҚТА КЛАСТЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ЖАЙЫНДА СҰХБАТТАСТЫ.

– Мақта саласы өңір экономикасының негізгі тіректерінің бірі деп айта аламыз. Қазіргі таңда сол мақта шаруашылығының жағдайы қалай?

– Иә, дұрыс айтасыз. Өңірде 25 мың агроқұрылымға біріктірілген 70 мыңға жуық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері жұмыс істейді. Өткен жылы мақта дақылы 106,4 мың гектар жерге егіліп, орташа өнімділік 2 8,2 центнерден айналды. Жалпы 301,2 мың тонна өнім жиналды. Биыл бұл көрсеткішті 135 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

– Өңірдегі мақта шаруашылығында қандай заманауи технологиялар қолданылады?

– Соңғы жылдары мақта өндірісіне су үнемдеу технологиялары

ФАЙЗУЛЛА МҰСТАФИНҰЛЫ:

МАҚТА КЛАСТЕРІ СЫРТҚЫ НАРЫҚҚА ТӘУЕЛДІЛІКТІ АЗАЙТАДЫ

кеңінен енгізілуде. Өткен жылы инвесторлармен бірлесіп, қытайдың жаңа технологиясы негізінде 1,2 мың гектар жерге мақта егілді. Бұл әдіс суды, энергияны, еңбек ресурстарын және минералды тыңайтқыштарды үнемдей отырып, гектарына 60 центнерге дейін өнім алуға мүмкіндік берді. Биыл осы

технологияны 50 мың гектарға енгізу жоспарланып отыр.

– Ал диқандарға ұсынылатын жаңа сұрыптар мен агротехникалық әдістер туралы не айтасыз?

– Жалпы өндірісте қолданылатын сұрыптар ішінде отандық мақта шиттерін кеңінен енгізу маңызды. Біздегі «Мақта және бақша ауыл шаруашылығы

тәжірибе станциясы» әзірлеген Мақтаарал-4011, Мақтаарал-5027 сорттары шетелден әкелінетін тұқымдардан кем түспейді, тіпті кей көрсеткіштері бойынша асып түседі. Сондықтан отандық сұрыптарды қолдау және кеңінен тарату негізгі басымдықтардың бірі болып отыр.

– Жаңа су үнемдеу технологиялары енгізіліп жатқанын айтып өттіңіз. Осыған кеңірек тоқтала кетсеңіз.

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін толық пайдалану қажеттігін атап өтті. Оның ішінде су үнемдеу технологияларына басымдық берілді. Өткен жылы облыс бойынша 55 мың гектар жерге осындай технологиялар енгізілсе, оның ішінде 3 мың гектарға мақта егілді. Биыл бұл көрсеткішті 111 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

– Трансшекаралық суға тәуелділікті төмендету мақсатында қандай шаралар қолға алынуда?





– Бұл бағытта Жетісай, Мақтаарал, Шардара аудандарында су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарлануда. Аталған аудандарда 8 мың гектар жерге жаңа әдістер енгізу көзделіп отыр.

– Сіздіңше, мақта кластері жергілікті фермерлер үшін қаншалықты тиімді?

– Мақта шаруашылығын дамыту және кластерлік жүйені қолдау мақсатында 2023 жылы «Мақта шаруашылығын дамытудың және мақта-тоқыма кластерін қолдаудың 2027 жылға дейінгі өңірлік жол картасы» бекітілді. Бұл бағдарлама төрт негізгі бағытты қамтиды:

Егістікті әртараптандыру,
Тұқыммен қамтамасыз ету,
Жаңа технологияларды енгізу,
Мақта кластерін құру.

Бұл жүйе өңірдегі тоқыма-тігін өнеркәсібінің дамуына серпін береді. Мысалы, биржада 1 тонна мақта талшығының бағасы 2 мың АҚШ долларын құраса, ал жергілікті кластерлерде өңделіп шыққан дайын өнімнің бағасы 10-11 мың долларға дейін жетеді.



– Мақта бағасы тұрақты ма, әлде нарықтың әсері байқала ма?

– Өңірде 5 мақта-тоқыма кластерін құру жұмыстары жүргізілуде. Олардың жалпы өңдеу қуаты жылына 193,3 мың тоннаны құрайды. Бұл жергілікті нарықта тұрақтылық қалыптастырып, сыртқы нарыққа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

– Түркістан облысының мақтасы негізінен қай елдерге экспортталады?

– Бұрын біздің мақта талшығымыз Венгрия, Польша,

картаға сәйкес, 1 гектар мақта өсіру шығыны 330,5 мың теңге болса, оның 74,1 мың теңгесі мемлекет тарапынан субсидияланады. Биыл мақта шаруашылықтарына 4 бюджеттік бағдарлама бойынша 5,1 млрд теңге бөлінді.

– Алдағы жылдары мақта кластерін дамыту үшін қандай шаралар қабылданбақ?

– Біз бірқатар кешенді шараларды ұсынып отырмыз. Біріншіден, мақта-тоқыма кластерін құрудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдау қажет. Бұл бағдарлама шеңберінде инвестициялық субсидиялау, мақта өңдеу және тоқыма фабрикаларын салу, дайын өнімді экспорттайтын



Чехия, Словакия сияқты елдерге экспортталатын. Алайда әлемдік геосаяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты қазіргі таңда Қытай, Бангладеш, Сингапур және Таяу Шығыс елдері негізгі импорттаушылар болып отыр.

– Мата өсірумен айналысатын дихандарға мемлекеттен қандай қолдау көрсетіледі?

– Өсімдік шаруашылығын қолдау мақсатында бөлінетін қаржының басым бөлігі мақта шаруашылығына бағытталған. Технологиялық

кәсіпорындарға салық жеңілдіктері қарастырылуы тиіс.

Екіншіден, мақта саласын дамытуда тұқым шаруашылығына ерекше көңіл бөлу қажет. Шетелдік мақта тұқымдарын субсидиялау деңгейін 50 пайызға дейін көтеру ұсынылып отыр. Сонымен қатар, жергілікті аграрлық ғылым мекемелерін өңір әкімдігінің құзыретіне беру арқылы оларды тиімді пайдалану көзделуде.

– Әңгімеңізге рахмет! Істеріңізге береке тілейміз.

**Сұхбаттасқан
Олжас ӘБДІХАЛЫҚ**

МЫҚТЫ МӘСЛИХАТ – ЕЛ ТІРЕГІ. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ БҰРЫННАН–АҚ БЕРЕКЕЛІ БІРЛІГІМЕН, ТИЯНАҚТЫ ТІРЛІГІМЕН, ЕЛДЕН ЕРЕК ІРІЛІГІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНГЕН. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ–ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ДЕПУТАТ БОЛУ – БИІК МАНСАП ЕМЕС, БҰЛ – ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ. СІЗДЕРДІ ХАЛЫҚ САЙЛАДЫ» ДЕП АТАП КӨРСЕТКЕНДЕЙ, МӘСЛИХАТТЫҢ АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНА АЛТЫН КӨПІР БОЛУ. СОДАН БОЛАР, ҚАЗІР МӘСЛИХАТТЫ МАМАНДАР КІШІ ПАРЛАМЕНТ ДЕП ТЕ АТАП ЖҮР. ИӘ, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҚ КОРПУСЫНДА ӨЗІНДІК ПІКІРІ, ҰСТАНЫМЫ БАР, ХАЛЫҚТЫҢ ТАЛАП–ТІЛЕГІНЕ, ПРОБЛЕМАЛАРЫНА ҚҰЛАҚ АСЫП, СОНЫ ШЕШЕ АЛАТЫН ІСКЕР ДЕ ЫҚПАЛДЫ ДЕПУТАТТАР АЗ ЕМЕС ЕКЕНІН НЫҚ СЕНІММЕН АЙТА АЛАМЫН. СОНЫҢ БІРІ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР, БИЫЛ ЕРДІҢ ЖАСЫ ЕЛУГЕ ТОЛЫП ОТЫРҒАН ӘРІПТЕСІМІЗ – ҒАЛЫМЖАН ЕЛШІБАЙ.



ДЕПУТАТ. ЖУРНАЛИСТ. АЗАМАТ

Ғалымжан Қамытбекұлын біраз жылдардан бері білемін. Тіпті мәслихатқа дейін де Ғалекеңмен жұмыс барысында бірнеше рет жолымыз түйісіп, ағалы-інілі жандардай жақын араласып, сол сыйластығымызға осы күнге дейін сызат түскен емес. Міне, енді мәслихат төрінде халық қалаулысы ретінде жолымыздың тағы да түйіскеніне шын қуандым. Өйткені қазіргі мәслихатқа осындай мінезді, халыққа жаны ашитын, елге шын ниетімен қызмет ететін, адал да батыл депутаттар керек. Бұл жағынан келгенде Ғалекеңнің сайлаушыларының бағы бар.

Әрине, Ғалымжанды ең алғаш «Жас Алаш» газетіндегі өткір мақалалары арқылы таныдым.

Ол журналист ретінде де, халық қалаулысы ретінде де үнемі елдің жоғын жоқтап, қарапайым халықтың мәселесін көтеруден шаршаған емес. Осы үшін де оны қатты құрмет тұтамын.

Бірқатар республикалық басылымдарда абыроймен қызмет етіп, Түркістан өңірі журналистері ынтымақ-бірлігінің артуына зор үлес қосқан Ғалымжан Елшібай Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалына төрағалық етіп, аймақтағы тілшілер қауымының көшбасшысы ретінде мойындалды. Иә, журналистика саласында өзіндік қолтаңбасы бар Ғалекеңді бәрі әділдікті ту еткен абзал азамат ретінде таниды. Бүгінде қазақ баспасөзінің

қарашаңырағы саналатын «Егемен Қазақстан» газетінде жемісті еңбек етіп жүр.

Халыққа адал қызмет етуінің нәтижесі болар, Ғалымжан Қамытбекұлы «Аманат» партиясы атынан Түркістан облыстық мәслихатының екі шақырылымына депутат болды. Халық қалаулысы атанған күннен бастап өзінің қызметтік міндетіне, елдің жүктеген аманатына зор жауапкершілікпен қарайтын азамат екендігін байқатты. Бірқатар бастамаларымен көзге түсті. Қоғамдағы көп мәселелерді көтеріп, солардың оңды шешілуіне ұйытқы болды.

Мен мәслихаттағы Әлеуметтік-мәдени даму, мемлекеттік құқық, жергілікті өзін өзі басқару және депутаттық этика жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы болсам, ол орынбасарым ретінде облыстағы көп әлеуметтік мәселелерді көтеріп келеді. Айталық, апатты мектептердің мәселесімен айналысты. Төлеби ауданы Қостөбе елді мекенінде осыдан 15 жылдай уақыт бұрын салынған мектептің қабырғалары жарылып, оқушылардың өміріне қауіп төндірді. Амал жоқ, шәкірттер көрші ауылға автобуспен қатынап оқуға мәжбүр болды. Мәслихат төрағасы Нұралы Әбішевпен ақылдаса отырып, оның қолдауымен Ғалымжан Елшібай облыстағы, аудандағы құрылыс саласына жауапты мамандардың басын қосып, осы апатты мектептің басында көшпелі қабылдау өткізді. Қызу айтыс-тартыспен өткен басқосудың қорытындысы бойынша мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде шешім қабылданды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде былтыр қостөбелік шәкірттер күрделі жөндеуден кейін

көрсең көз сүйсінетін күйге енген білім ошағына қайта оралды.

Менің ұғымымда депутаттың міндеті елді мекендердегі қордаланған мәселелерді көтеру ғана емес, соны шешудің жолдарын да қарастыру. Бұл тұрғыдан алғанда



Ғалымжан Елшібайдың ұстанымы, мәселеге терең бойлай білетін ізденімпаздығы көп әріптестерге үлгі деп ойлаймын.

Қайбір жолы Ғалымжан Қамытбекұлы спортқа, оның ішінде футболға қатысты өте өткір дүниелерді қозғады. Халықтың ең көп назар аударып, қызығушылық

танытатын спорт түрі футбол десек, Түркістан өңіріндегі футбол клубтарының біраз жылдан бері сүреңсіз ойындардан көз ашпай келе жатуы жанкүйерлерді күйзелткені рас. Өңірлердегі спорт нысандарының жағдайы оңып

тұрған жоқ. Облыс көлемінде дені дұрыс стадион некен саяқ. Басқасын айтпағанда облыс орталығы Түркістан мен оған жақын орналасқан Кентаудағы стадиондарға қатысты сыни пікірлер көп айтылды. Бірі жөндеуден өткізілуде, жөндеуден өткендерінің өзінде кемшіліктері шаш етекпен.

Ескісі бар, жаңасы бар футбол алаңдары жөндеуді қажет етіп тұрғандықтан түркістандық кәсіби командалар кездесулері мен жаттығуларын Шымкентте өткізуге мәжбүр болды. Премьер-лига, бірінші және екінші лигаларды қосқанда жеті бірдей кәсіби футбол клубының барын қайтейік, жеме жемге келгенде Түркістанның намысын жоғары деңгейде абыроймен қорғай алатын, сырт көз сүйсінетіндей бір мақтаулы командаға жарымай келеміз.

Оларға бюджеттен бөлінетін қаржы ала-құла, бір топта ойнап жүргендерімен, алатын қаржыларының айырмасы жер мен көктей.

Ғалымжан Елшібай футбол төңірегіндегі осындай ащы шындықтарды комиссия отырыстарында, сессияда көтерді. Ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде жазды. Айтылған талап-тілектер жерде қалған жоқ, облыс басшылығы тарапынан спорт саласындағы жөнсіздіктерді реттеу үшін тиісті шешімдер қабылданды.

Ғалымжан Елшібай депутат болған жылдары Төлеби ауданындағы бірқатар мәселелерді көтеріп, солардың шешілуіне ықпал етті. Соның бірі жайылым жерлерінің жетіспеушілігі. Көптен бері ушығып тұрған жайылым тақырыбы ауылдағы ағайын үшін уайымға айналды. Мал жаятын жердің жетіспеушілігіне жанжал жиі

шығатын болды. Төлеби ауданында ауыз су мәселесі де жоқ емес. Кейбір ауылдарға ауыз су құбыры тартылғанымен, одан ағатын судың сапасы мәз емес. Мәселен Төңкеріс елді мекенінде қар-жаңбыр жауған кездері ішетін су лайланады. Ғ.Елшібай ауыл тұрғындарының талап-тілегіне құлақ аса отырып, оны Ақсу-Жабағылы қорығымен шектесетін аумағында орналасқан Дарбаза шатқалында Бақырауық өзенінен құбыр тарту қажеттігін көтеріп келеді. Бұл мәселе алдағы



уақытта шешімін табады деген сенімдеміз.

Жалпы Төлеби ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында айтарлықтай ілгерілеушіліктер бар екені рас. Айталық, былтыр ауданды табиғи газбен қамту мәселесі 100 пайыз шешілді. Облыста көгілдір отынмен толық қамтылған аудандар кемде-кем екенін ескерте кетейік. Тіпті газ магистралінің бойында орналасқан аудандардың біразында ондай

көрсеткіш жоқ. Сондай-ақ, басқа да өзекті мәселелерді шешуде жемісті қадамдар жасалуда. Әлбетте, осындай жетістіктерге жетуде ауданнан сайланған Ғалымжан Елшібайдай депутаттардың еңбегі орасан.

Ғалекең облыстық мәслихаттың депутаты ретінде белсенділігімен ерекше көзге түсіп, көптеген өзекті мәселелердің шешілуіне үлес қосқан, елдің дамуына лайықты деңгейде атсалысып келе жатқан азамат. Оған ел куә. Расын айтқанда, мәслихат депутаттарынан ел дәл осындай белсенділікті, жанашырлықты күтеді.

Қай кезде де елдің жүгін ер көтерген. Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету мінезден» деген сөзі осындайда еске түседі. Мінезбен қоса депутатқа білім, ең бастысы – отаншылдық рух қажет. Түркістан өңіріндегі 2 миллионнан астам халықтың, оның ішінде миллионнан астам сайлаушының сенімін ақтау – баршамызға үлкен жауапкершілік.

Ғалымжан Елшібай ұзақ жылдар республикадағы танымал басылымдарда қызмет еткен, өткір мақалаларымен көзге түскен журналист депутат ретінде де елдің сеніміне селкеу түсірмесі анық. Кеше оқырманына, қасиетті қаламына қызмет еткен азамат бүгін міне, сайлаушыға қызмет етуде, елдің аманатын арқалауда. Лайым, ел үшін еткен еңбек жемісін молынан бере берсін!

Алмас САЛИМОВ,

Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму, мемлекеттік құқық, жергілікті өзін-өзі басқару және депутаттық этика жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы

АЛЛАНЫҢ АДАМЗАТҚА БҰЙЫРҒАН БЕС ПАРЫЗЫНЫҢ БІРІ – ОРАЗА. ПАРЫЗ ОРАЗА ХИДЖРА КҮНТІЗБЕСІМЕН КЕЛЕТІН РАМАЗАН АЙЫНДА ҰСТАЛАДЫ. ОРАЗА ТУРАЛЫ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ, ОҒАН АЛЛАНЫҢ СӘЛЕМІ МЕН БЕРЕКЕСІ БОЛСЫН (С.А.С), ИМАМ БҰҚАРИ ЖЕТКІЗГЕН РИУАЯТТА БЫЛАЙ ДЕЙДІ: «КІМДЕ-КІМ РАМАЗАН АЙЫНДА ШЫНАЙЫ СЕНІММЕН, САУАПТЫ БІР АЛЛАДАН ҒАНА КҮТІП, ОРАЗА ҰСТАСА, БҰРЫН-СОҢДЫ ЖАСАҒАН КҮНӘЛАРЫ ТҮГЕЛДЕЙ КЕШІРІЛЕДІ». АЛЛАНЫҢ РАҚЫМЫ МЕН МЕЙІРІМІ СОНДАЙ ШЕКСІЗ, ОЛ БІР АЙ ОРАЗА ҰСТАҒАНЫ ҮШІН МҰХАММЕДТІҢ ҮМБЕТІН КЕШІРУГЕ ДАЙЫН. БҰЛ – ТЕК МҰХАММЕД (С.А.С), ҮММЕТІНЕ БЕРГЕН АСЫЛ СЫЙЫ.

танымал азаматтар Мұса Байзақұлы, Шортанбай Қанайұлы (1808-1881), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) сияқты қазақ халқының атақты зиялылары да тәлім алғанын тілге тиек етті.

Кафедра профессорлары, доценттері мен оқытушылары өз қаражатына ораза ұстаған студенттерге ауызашар дастарханын жайып сансыз сауап жинады. Наурыз мейрамының алғашқы Көрісу күніне орай 14 наурызда

РАМАЗАН АЙЫ – ІЗГІ АМАЛДАР АЙЫ



Рамазан сонымен қатар Алланың разылығын алуға мүмкіндік беретін, сауапқа кенелтетін ізгі істер айы да болып табылады. Алла елшісі (с.а.с) былай деген екен: «Аузы берік кісіге ауыз аштырғанға ораза ұстағанның сауабындай сауап беріледі. Бұдан ораза ұстаушының сауабы еш кемімейді». Рамазан айында адам төзімділік, шыдамдылық, сабырлық, жанашырлық, тақуалық секілді ізгі қасиеттерді өз бойында тәрбиелеуге тырысады. Рамазан – қайырымдылық, мейрімділік, ізгі амалдардың еселене жасалатын уақыт болғандықтан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұжымы да ізгі амалдардан шет қалмады. Тарих ғылымдарының докторы Досбол Сүлеймен ұлы Байғонақов бастаған тарих факультетінің ұжымы ислам тарихы туралы дәрістер өткізіп, ораза ұстаған студенттерге ауызашар дастарханын жайды.

Осындай ізгі шараларды Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессорлары, оқытушылары

мен докторанттары да жүргізуге ат салысты. 2025 жылдың 11 наурызында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетінде Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ұйымдастыруымен АҚШ-тың Индиана Блумингтон университетінің (Indiana University Bloomington) профессоры, араб тілінің маманы, текстолог, библиограф Хабибулла Акрам мырзаның «Қарнақтағы Халфа медресесі және оның Қазақстанда исламды таратудағы рөлі» тақырыбында дәріс оқыды. Акрам мырза ғалымдар мен студенттердің қызығушылығын тудырған, тарихи маңызы ерекше мәліметтерге толы, Қазақстанның Түркістан облысында орналасқан Қарнақ ауылының тарихы және елімізде ислам дінінің таралуында алған орны туралы қызықты дәріс оқыды. Оның дәрісінен тыңдаушылар елімізде ислам діні ертеден кең таралғанын, елімізде ислам дінінің қағидаларын оқытатын оқу орындары болғанын білді. Қарнақтағы Халфа медресесінде күллі қазаққа

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ұстаздары ұлттық университеті тарих факультетінің жатаханасында студенттерге ауызашар берді. Ауызашарға арнайы ет асылды және түрлі тағамдардарға толы дастархан жайылды. Ауызашарды факультете деканы Досбол Сүлеймен ұлы өз батасымен ашып, жастарға тәлім-тәрбиелік өсиет айтты. Білім алу жолында жүрген жастардың ата-бабаларымыздың дәстүрлі дінін ұстанып, Жаратушы алдындағы парыздарын өтеуі және үлкен буын өкілдері ретінде ұстаздарының оларды қолдағаны тәуелсіз еліміздің рухани жаңғыру жолындағы аса құптарлық ісі болды. Кіші демей, үлкен демей, ұстаздар мен шәкірттердің бір дастархан басында жиналып, білім, ғылым, қазақтың дәстүрі, иман мен өмір туралы әңгімелері жүректе мейірім мен рахым отын тудырғаны шүбәсіз. Болашақ ғалымдар өздерін қызықтырған сұрақтар қойып; ұстаздары оларға жауап беріп мәз-мейрам болды. Осындай іс-шараларды көріп, еліміздің болашағы үшін жанашыр әлеуметтің қалыптасқанына куә боламыз және оның тәрбиелік маңызы зор іске белсене ат салысатыны қуантады да болашаққа үмітпен қарауға итермелейді.

Г. СӘБДЕНОВА,

*Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-ның
Дүниежүзі тарихы, тарихнама және
деректану кафедрасының доценті,*

Ш. РАХМЕНШЕЕВ,
докторант

**АЛМАТЫДА НАУРЫЗНАМА
ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА
ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІНЕ
АРНАЛҒАН NAURYZ FASHION
DAY СӘН КӨРСЕТІЛІМІ ӨТТІ.
ПОДИУМДА МОДЕЛЬДЕР
ҒАНА ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ КИІМ
КИГЕН КӨРЕРМЕНДЕР ДЕ
ЖҮРІП ӨТТІ.**



АЛМАТЫДА – NAURYZ FASHION DAY



Алматы әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, көрсетілімге «Қазақ әжелері», «Мисс Қазақстан» байқауының финалистері, театр артистері мен қарапайым қала тұрғындары қатысты. Қатысушылар ұлттық стильдің әртүрлілігін паш етсе, көрермендер дәстүрлі киімнің мағынасына қатысты викторинаға қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Дизайнер Раушан Әнуарбекова Қазақстан табиғатынан шабыт алған топтамаларын ұсынды. Киім үлгілері көрермендерді тарих пен мәдениет атмосферасына терең бойлатты.

Ұйымдастырушылар ұлттық киімді тек мерекелерде емес, күнделікті өмірде де киюге шақырды.

Суреттер: Алматы әкімінің баспасөз қызметі

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)